Ұстаздық пен қатар әкем өзінің саналы ғұмырында ел игілігі үшін көптеген абыройлы қызметтер атқарды. Газетте тілші, мектеп директоры, интернат меңгерушісі болды. 1984 жылы кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1989 жылы Сарғалдақ селолық кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1991 жылы совхоз директорының коммерциялық істер жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды. 1998 жылы Архат ауылының әкімі, кейін Таңат ауылдық округінің әкімі болып елге еңбек етті. Осы саладан зейнетке шықты.

Тілге шешен, сөз қадірін терең түсінген әкем өнерден де кенде болмады. Көптеген әңгімелер, өлеңдер жазды. Басшылық қызметтер атқара жүріп, қолынан қаламын тастамады.

Әкеміз бізді әрдайым адамгершілікке баулыды, біреудің ала жібін аттамауға тәрбиеледі, еңбекке үйретті. Ауызбіршілікке шақырып, «тату болыңдар» деген сөзді жиі айтатын.

Алтын әке- мейірім, шуақ берген,
Өмірде талай қиын сынақ көрген.
Бәрін де жеңе білген қайсар жансыз,
Қандай сын болса дағы шыдап келген.

Қатемізді көз жұмып кешірген ең,
Өткен күннің оралмас көшін көрем.
Мына бізді мінгізіп мойныңа,
Жүрегіңде әлдилеп өсірген ең.

Мен үшін әке мектебі – сарқылмас өнеге, таусылмас тарих, жоғалмас қазына. Уақыт – жалынды жастығын, күш, қуатын ұрлағанымен әке бигі ешқашан аласармайды. Мен үшін әке – тектіліктің үлгісі, қайсарлықтың қалыбы, ақылдың кені болып қала береді.

**А. ҚАЛИЕВА.**

# Жастар – елдің ертеңі, болашағы



Аудандық «Алтайбек ата» мешіті 6-12 жас аралығындағы балаларға арнап «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» атты шара ұйымдастырды. Спорттық жарыстардан басталып, түрлі ойындар ұйымдастырылып, кейін мешітте дастархан жайылды. Шараны ұйымдастырудағы басты мақсат ұрпақ тәрбиесіне басты назар аудару. Себебі, ел ертеңі, ұлт болашағы бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Олардың тәрбиесінде жіберілген қателіктің өмір бойы орны толмауы да мүмкін. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың хас жауы»-дейді. Аудандық мешіт қызметкерлері және мешіт жастарының ұйымдастыруымен мұндай шаралар тек ұлдарға ғана емес, қыздарға да арналып өткізіліп келеді. Балаларды еңбекке баулып, ата-ананы құрметтеуге шақыратын шараның маңыздылығы зор.

**Ж. ЗАНДЫБАЙ.**

# Дін мен дәстүр сабақтастығы

Дін мен дәстүр қазақ халқы үшін қашан да егіз ұғым. Оның сабақтастығы қазақ даласына Ислам діні тараған сонау ықылым замандардан бастау алады. Содан бері атам қазақ салт-дәстүрін дінмен ұштастырып, өмірлеріне серік етіп келеді. Тіпті сол кезде қазақ даласында билік еткен хандар мен билердің шариғат шеңберінде шешім қабылдағандарын тарихтан көру қиын емес. Мәселен, бір кездері ата заң ретінде үстемдік құрған Әз Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңы шариғат талаптарымен астасып жатыр.

Сондай-ақ, біздің салт-дәстүрлеріміз ата-ананы қадірлеуді, үлкенді сыйлауды алдыңға орынға қояды. Жастайымыздан: «Алланың ризашылығы – ата-ананың ризашылығында», «Ананды Меккеге арқалап алып барсаң да алдындағы қарызынан құтылмайсың», «Жұмақ ананның аяғының астында»-деген сияқты сөздерді санамызға сіңіріп өсті. Ал, Алла Тағала құранда: «Раббың тек қана өзіне құлдық жасауды, әке-шешеңізге жақсы қарауды бұйырды. Ал егер олардың бірі немесе екеуі де қолдарыңда тұрған кезде қартайса, оларға «үһ» деп те айтпа. Сондай-ақ, оларға зекіме және оларға сыпайы сөйле. Мейіріммен оларға құшақ жайып оларға былай деп дұға жаса «Уа, Раббым! Олар мені кішкентай күнімде қалай мәпелеп өсірген болса, оларды солай мейіріміңе бөлей гөр»-делінген. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Барлық күнәлардың жазасы Алла Тағаланың қалуымен қиямет күніне дейін кешіктірілуі мүмкін, тек ата-анасына құрметсіздік танытқан адамның жазасын осы өмірде өлім келмей тұрып береді»- десе, Ибн Аббас (Алла одан разы болсын) риуаят еткен тағы бір хадисінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Кімде-кім күнін Алла ризалығы үшін ата-анасына бой ұсынған күйде бастаса, оған екі бірдей жәннаттың есігі ашық болады, егер біреуі тірі болса, бір есігі ашық болады. Егер кімде-кім ата-анасына бой ұсынбаған күйде кешті батыратын болса, ол үшін екі бірдей тозақтың есігі ашық болады, егер біреуі тірі болса бір есігі ашық болады». Сол кезде бір адам тұрып айтты: «Ол екеуі оған зұлымдық жасаса да ма?» деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Иә, зұлымдық жасаса да» деп үш мәрте қайталады»-деген. Осыдан қарап-ақ біздің дініміз бен дәстүріміздің қаншалықты байланысатынын аңғару қиын емес.

**З. ЖАЙНАРҒАЛИ.**

# ӘН ӘУЕЛЕП, ЖЫР ТЕРБЕГЕН КЕШ

Бұланды жерін дүбірге бөлеп, ән әуелеп, өлең өрнектелген әсерлі кеш өтті. Аудандық кітапхана жас ақын Тілек Серіктің «Көңілім менің көктемдей» атты кездесу кешін ұйымдастырды. «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы төрағасының 1-ші орынбасары Раушан Түркіменбайқызы құттықтау сөз сөйлеп, жас ақынға шығармашылық табыс тіледі. Мәдениет саласының ардагері Сәулетай Ералықызы шашуын шашып, өз ізгі тілегімен бөлісті. «Жас қалам» ақындар үйірмесінің түлегі Бергенбек Азатбек арнау айтып, өнер деп жиналып, өлең деп елеңдеп отырған көпшіліктің делебесін қоздырды. Тілектің анасы, өмірдегі достары жас ақынның балалық шағын еске алса, өлең өлкесінде үзеңгілес жүрген жас ақындар өлеңдерін оқып, кештің шырайын кіргізді. Ақынның інісі Ақылбек Серік әннен шашу шашты.

Жас ақынның жүрек жарды жырларын назарларыңызға ұсынсақ:

Қауырсын- қанат, құс- ғұмыр,
Тағы да міне түсті іңір.
Сарғайып тұрып бақтардан,
Сары ала болып ұшты гүл.

Тырналар кетті тыраулап,
Уақыт сырғып, жыл аунап.
Жалаңаш қалып қайыңдар,
Жаралы күйде жылар бақ.

Қоғалы көлдер қамысты,
Азагер жел кеп алысты.
Демінен буы бұрқырап,
Дерт келіп күзге жабысты.

Қарағай басы ырғалар,
Топталып ұшып тырналар.
Бәріне сырын ақтарып,
Сарғайып тұрып күз қалар...
Жазылмай менде жыр қалар!
* * *
Менде бір сағыныш бар,
Алысқа жетелеген,
Өмірге жаны құштар,
Інім жүр көкелеген.

Менде бір сағыныш бар,
Әлі күн сарқылмаған,
Жүректе жарылыстар,
Көңілде аңқылдаған.

Мендегі сол сағыныш,
Жабысқан дертімдей бір,
Жүрегім болса құрыш,
Үзделі сертімдей бір.

Ойымнан жаңылыстым,
Адамға уақыт бергін!
Мендегі сағынышты,
Балынан татып көргін.

Көңілім ынтызарым,
Алтайдың тауларын да,
Айтатын бір қыз әнін,
Кешкісін бау бағында.

Қоярмыз бір күндері,
Өмірдің үтірін де,
Мендегі сол сағыныш,
Ауылдың түтінін де!
* * *
Кездерім қайда бәрінен аласа болған,
Қалтыраса көңілде қараша орман.
Тау бөктерін бетке алып шығып бір кетсем,
Ақбас шыңға ақ сәлде жараса қалған.

Жоталарын да таулардың серілік құрып.
Тауешкілері бұл жақтың керіліп тұрып.
Үйге қайтуды кешкісін ұмытатынмын,
Сарымсақтарын қазам деп желігіп жүріп.

Жусанды таудың шертіліп күйлері бөлек,
Қыраттарында «Арқардың» жүргені бөлек.
Бойжеткен қыздай бұраңдап жайқала өскен,
Ырғала билеп тербелсе гүлдері кенет.

Кездерім қайда бақытты, балалық күнім,
Шықпап па едім мен-дағы жол алып бұрын?
Сарымсақ терген тауыннан бокмұрын бала,
Кешірші, Ата, бұл күнде қалалық бүгін?!
* * *
Ауылдың сыртында отырсам кешкілік,
Ұлыған қасқырдың дауысы естіліп.
Бөрілі байрағын көтерген бабамдай,
Ұрандап жіберем «Көк түрік!», «Көк түрік!».

Ежелгі заманда арландар алысқан,
Көмейі көріктей тұлпарлар жарысқан.
Оғылан ұлдардың жебесі ысқырып,
Қобыздың тілінде даламда ән ұшқан.

Бөрілі байрағын көтерген Ер түрік,
Аңыз боп айтылып, күй болып шертіліп.
Тарихы дастанға айналған өріліп,
Қаланған белгісі тастарға, кертіліп.



Айналдым, «Көк түрік», өзіңдей асылдан,
Тарихын таңбалап далама жасырған.
Көк бөрі ұлыса ауылдың сыртында,
Сыр шертіп кетеді жаралы ғасырдан.

Есімді білгелі Көк бөрі, ұраным,
Ат үсті айқаспай басылмас құмарым.
Ауылдың сыртында, Тәңірден,
«Алашқа жар бол» - деп, сұрадым!
* * *
Аспан тағы астаң-кестең төгіп нұр,
Желмен бірге желпілдейді бөрікті ұл.
Сары күзде сары жапырақ уыстап,
Сағынышты өлең жазғым келіп тұр.

Аспан тағы төгіп өткен жаңбырын,
Тілін алмас мен секілді жарлының.
Сары күзде сары ала қаз қаңқылдап,
Қауырсынмен жазылатын тағдырым.

Күбір-күбір өлең оқып бақтарға,
Тырс-тырс жаңбыр жауып бақшамда.
Күнде солай мұңға батып кетемін,
Жалғыз қалсам екінті мен ақшамда.
* * *
Жүрегімде өшпестей сызат қалған,
Шіркін ауыл алыста жырақ қалған.
Біз көшкенде кемсеңдеп атам менің,
Киіз үйде қоштаспай жылап қалған.
Қоштаспады жүрегі шыдамаған,
Қобыз болып боздады құба далам.
Атам марқұм айтатын аңыз қылып,
Бала күнгі қызығын мына маған.
Кертөбелі кісінеп қарсы белден.
Атам менің таспалап қамшы өрген.
Шұрқырасып жататын қиқуласып,
Біздің ауыл шетінен әнші мерген.

Атам менің қара нар қыран еді,
Жасыл жайлау биік тау тым әдемі.
Ауыл біткен жиылып кешке жақын,
Әңгімесін тыңдауға құмар еді.
Құмар еді жастарда жалындаған,
Жолаушылар бізге кеп дамылдаған.
Әңгімесін ағытса атам марқұм,
Бұлттар көшіп жататын бауырлаған.
Атамда жоқ баяғы жұртың қалған,
Ауыл анау жалықпас тың-тыңдаудан.
Көрісуге жеткізбей алып кеткен,
Ай ажалай өмір-ай шіркін жалған!
* * *
Жаңа ғана шаршап келіп көз ілгем,
Жапа шегіп көргенім жоқ өмірден.
Әжем марқұм асыраған ботасын,
Боздап келді босағаға көк іңген.
Түсім екен қара терге малындым,
Жо-жоқ жалған мен түсімнен жаңылдым.
Қара нарға жүгін артып көшетін,
Ауылымды, бауырымды сағындым.
Беу дүние-ай бала күнгі күн қызық,
Арба шегіп шабдар атты жүргізіп.
Ойнап жүріп ойда жоқта Арқаға,
Келіп қалдық аттың басын бұрғызып.
Ботасы жоқ енесінен жерінген,
Міне солай боздап келді көк інген.
Мен бір құлын кісінеген шақпылап,
Шекарада үйірінен бөлінген.

Тілектің өлеңдері жаңды өлең. Өзіндік өрнегін қалыптастырып, сүрлеуін салып келе жатқан ақын. Өлеңдері тазалығымен де ерекше. Әйтпесе қазір ақындық деген осы екен деп түсініксіз өлең жазушылар көбейді. Тілек ондайдан ада. Қаламы қалыптасып, жасық шағында жазуға ден қойған ақынға шығармашылық табыстар тілейміз.

**З. ЖАЙНАРБЕК.**

# ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ БИЛІК

## АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ 2021 ЖЫЛДЫҢ ЖҰМЫСТАРЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Бұланды аудандық мәслихатының хатшысы бола отырып, бүгінгі таңда депутат жергілікті өкілді органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі негізгі тұлға екенін көріп отырмын. Мәслихатының хатшысы ретінде жетінші шақырылым депутаттарының 2021 жылға арналған қызметінің қорытындысын шығара отырып, Бұланды ауданының жаңа шақырылымының депутаттық корпусы аудан әкімімен бірлесіп, жұмыстарды белсенді түрде құруға мақсатты түрде кіріскенін атап өткім келеді. Аудандық мәслихаты депутаттарының қызметі аудан тұрғындарын толғандыратын мәселелердің барлық саласын қамтиды. Біз әр сессияда дерлік қаржыландыру, бюджет қаражатын пайдалану мәселелерін қарастырамыз.

Аудандық мәслихат денсаулық сақтау, білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, жер қатынастары, тұрғын үй мәселесі, ауыл шаруашылығы, мәдениет және спорт салаларын дамытуға үнемі көңіл бөліп келеді.

Тұрақты комиссиялардың отырыстарында олардың игерілмеуіне жол берген бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тыңдалады, бұл депутаттардың бюджет шығыстарын бақылау тиімділігін арттырады.

2021 жылы аудандық мәслихаттың 14 сессиясы өтті, оның ішінде: 4 кезекті, 10 кезектен тыс. Түрлі мәселелер бойынша 70 шешім қабылданды, оның ішінде құқықтық нормаларды белгілейтін 7 нормативтік құқықтық акт (шешім) Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтті. Қабылданған шешімдер аудандық бюджетті және ауылдық округтер бюджеттерін бекіту және атқару, азаматтарды әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қолдау, жер қатынастары мәселелеріне қатысты болды.

Тұрақты комиссиялар Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 130-бабына сәйкес бюджет қаражатының тиімді және мақсатты атқарылуы бойынша атқарушы органдардың жұмысына объективті баға берілген қорытындыны қарап, қорытынды дайындап, 2021 жылғы мамырдағы кезекті сессияның бекітуіне 2020 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті ұсынды.

Содан бері тұрақты комиссиялардың 9 отырысы өтіп, 21 мәселе қаралды. Мысалы:

– «4-деңгейдегі (ЖТБ) бюджеттерге салықтардың жоспарлануы, мониторингі және нақты түсуі бөлігінде мемлекеттік кірістер органдары қабылдаған шаралар туралы»;

- «Қалалық жолаушылар тасымалы тарифтерін көтеру туралы»;

- «Бұланды ауданында халыққа медициналық көмек көрсетудің жай-күйі және ұйымдастырылуы туралы»;

- «Бұланды ауданында білім беру жүйесін дамыту туралы»;

- «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі 2021 жылға арналған және эпизоотияға қарсы іс-шараларды іске асыру жөніндегі бағдарламаның жоспарын іске асыру қорытындылары және 2022 жылға арналған перспективалар туралы»;

- «Жол картасын жүзеге асыру: жолдардың сапасын арттыру, таза, сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету»;

- «Аудан мұғалімдерінің аудандық мәслихат депутаттарына аудандағы жалпы білім беретін мектептерді сапалы және жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуге көмектесу туралы үндеу» және басқа да бірқатар мәселелер қаралды.

Мәслихаттың мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық құрылымдардың басшыларымен кездесулері, кеңейтілген отырыстары тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Депутаттардың жұмысы тек сессия қызметімен шектелмейді. Депутаттар өз сайлаушылары, халықтың ескертулері мен ұсыныстарын жүзеге асыра отырып, халыққа медициналық және жолаушыларды тасымалдау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жер қатынастары, жол жөндеу, елді мекендердегі жақсарту мәселелері бойынша әртүрлі атқарушы органдармен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Құрылыс жобалары тұрақты бақылауда болды, мысалы: № 2 орта мектептің қасбетін күрделі жөндеу, Лесная 41, Космодемьянская (2-кезең) көшеде екі көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы, қаланың орталық бөлігіндегі жылу магистралінің құрылысы, модульдік қазандық, қаланың екі орталық көшелеріндегі жолдарды орташа жөндеу: Б.Шолақ пен Яглинская, қаланың шеткі бөлігіндегі жолдарды ағымдағы жөндеу, елді мекенішілік жолдарды жөндеу. Депутаттардың бақылауының арқасында қаланың бес ауданында 5 балалар спорт алаңы дер кезінде орнатылды.

2021 жылдың кезеңіне аудандық мәслихат депутаттары әртүрлі органдарға, соның ішінде атқарушы органдарға 11 депутаттық сауал жолдады (Антошкина Е.А. – 1 өтініш, Құсайынов Ш.Б. – 2 өтініш, Мендыбаева Қ.Т. – 1 өтініш, Умаров А.С. – 2 өтініш, Тілеукенов Ж.С. – 5 өтініш сұраулар). Оның 5-еуі оң шешілді, 2 сұраққа түсініктеме берілді, 4 өтініш қаралу үстінде.

Оң шешілген сұрақтардың ішінде:

– Қалалық орталық сауда үйінде Халық банкінің қосымша көпфункционалды терминалын орнату, ол арқылы тұрғындар барлық коммуналдық қызметтерді төлей алады.

– Аудан тұрғындарының электроэнергиясы үшін комиссиясыз төлем жасауы үшін «АЭСК Энергосбыт» АҚ 2 терминалын орнату (терминалдар сәтті жұмыс істейді);

– «Қазпошта» АҚ ғимаратына мүгедектердің кедергісіз кіруі үшін пандус жөнделді;

– Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін несиелендіру үшін сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау мәселесі оң шешімін тапты.

(«City Center» сауда үйіндегі терминалдың ашылуында «Халық банкі» АҚ облыстық филиалының директоры терминалды орнату туралы бастама көтерген мәслихат хатшысы мен депутаттарына алғысын білдірді).

Қала, кент, ауылдық округ әкімдерін сайлау, оларға қосымша өкілеттіктер мен қаржыландыру көздерін беру – депутаттардан жауапкершілікті, жүйелі жұмысты, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті талап етеміз. Алтынды, Айнакөл, Амангелді, Журавлев, Қараөзек, Николь ауылдық округтерінің әкімдері 2021 жылы аудандық мәслихаттың депутаттары болып жанама сайлау туралы заң негізінде сайланды.

Аудандық мәслихат депутаттары жыл ішінде аудандық және облыстық маңызы бар іс-шараларға белсене қатысып, оларда өз сайлаушылары өмірінің барлық салаларын жақсартуға бағытталған өзекті мәселелерді көтеріп, мұқтаж отбасыларға материалдық көмек көрсетті: азық-түлік себеттері, жылыту маусымына отын сатып алынды, балалардың емделуіне қайырымдылық көмек көрсетілді.

Әр депутат өз учаскесінде еңбек сіңірген және еңбегі сіңген зейнеткерлерді, ардагерлерді, тыл еңбеккерлерін көктемгі мерекелерімен құттықтады (барлығы 159 адам).

«Біз біргеміз», «Ардагерлерді ардақтайық», «Бақытты отбасы» акциялары өткізіліп, қарттар мен зейнеткерлер айлығында депутаттар 54 зейнеткерге назар аударды. «Мектепке жол» акциясы жыл сайын басталады. Оның аясында мемлекет мұқтаж балаларға көмек көрсетеді. Халық қалаулылары да шетте қалмай, 72 балаға көмек көрсетті. Акцияның басты мақсаты – мұқтаж отбасыларға көмек қолын созу, балалардың күнделікті мектепке дайын болуына көмектесу.

Көп балалы, толық емес отбасылардан шыққан 86 адамға, соғыс ардагерлеріне, балалы шағынан мүмкіндігі шектеулі жандарға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға – 18 адамға көмек көрсетілді.

Халықты коронавирусқа қарсы екпе алуға ынталандыру үшін мәслихат депутаттары 2021 жылдың 1 мен 15 шілдесі аралығында осы кезеңде вакцина алғандар арасында ынталандыру сыйлықтарының ұтыс ойынын өткізді. Барлығы 400 мың теңгеге сыйлықтар сатып алынды.

Аудандық ауруханаға оттегі баллондарын алуға демеушілік көрсетілді (1,5 млн теңгеге), ауданның медицина қызметкерлеріне дәрумендер жинағы (300 мың теңге сомасында) берілді.

Республикалық «Ауыл мектебі» жобасы аясында Макинск құс фабрикасы гимназия мектебіне 35 миллион теңгеге кітапхана мен 6 кабинетке арналған заманауи модификациядағы интерактивті құрал-жабдықтар сыйға тартты. Мәслихат депутаттары өз кезегінде бұл кабинеттерді кітап қорымен толықтырды.

Тәуелсіздік күні қарсаңында аудандық мәслихат депутаттары Купчанов атындағы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының қызмет алушыларының қолөнер бұйымдарын сатуға арналған қайырымдылық аукционын ұйымдастырды. Сату нәтижесінде жиналған барлық қаражат Купчановский атындағы ЦОСМУ-дың қамқорлығына алынғандардың өздеріне аударылды (700 мың теңге).

Олар аудан әкімдігінің атқарушы органдарында, қоғамдық кеңесте құрылған комиссиялардың жұмысына белсене қатысты. Партияның қоғамдық қабылдауларында, ауылдық округ әкімдіктерінде, азаматтардың жеке қабылдауларында азаматтарды қабылдау және өтініштер қаралды.

2021 жылы партияның қоғамдық қабылдау бөлмесіне толғандырған мәселелерімен барлығы 324 адам жүгінсе, оның ішінде: 206 азаматтың сауалдары оң шешілді, ол 64 пайызды құрады, 118 адамға түсініктеме берілді, бұл 36 пайызды құрайды.

Депутаттардың атқарған жұмыстары туралы ақпарат аудандық мәслихаттың сайтында және әлеуметтік желілерде орналастырылған. 2021 жылы барлығы 854 басылым жарық көрді.

2021 жылы депутаттар Жол картасының бекітілген индикаторлары бойынша 40 тікелей эфирде (әрбір депутат тоқсан сайын тікелей эфирде) сайлаушылар алдында мемлекеттік және партиялық басымдықтарды түсіндіру бойынша есеп берді. Партиялық жобаларға қатысты, облысымыздың танымал және құрметті азаматтарымен кездесулер өткіздік.

Бастамашыл, белсенді депутаттар Қ. Т. Меңдібаева, Д. С. Тоқтарбаев, Р. Т. Хожабай, Р. С. Жандыбаев, А. С. Умаров, Ж. С. Тілеукенов басқа депутаттарға үлгі бола отырып, депутаттық қызметін сауатты да шебер бастады.

Әділдік үшін айта кететін жайт, жұмысымызда кемшіліктер де бар. Мәселен, Лесная көшесі, 24-үйде салынып жатқан үй құрылысын депутаттардың белсенді бақылауына, облыстық құрылыс басқармасына жазбаша үндеуіне, мердігерлермен кездесулеріне қарамастан нысан мерзімінен бұрын пайдалануға берілген.

Қаланың шеткі бөлігіндегі жолдардың ағымдағы жөндеу жұмыстары да қатаң депутаттық бақылауға алынғанымен, нашар орындалды.

2021 жылдың үшінші тоқсанында аудандық аурухананың бас ғимаратының бірінші қабатын жөндеу жұмыстары басталды. Депутаттар қайта-қайта учаскеге барып, мердігер компанияның жұмысын қадағалады. Дегенмен, жөндеу әлі қисынды аяқталмаған, ал мердігерлер жосықсыз жеткізушілер деп танылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүйелі реформаларға бағытталған жаңа саяси бағыты бізге жоғары талап қойып отыр және біз инновациялық технологияларды ескере отырып, заңды сақтай отырып, мақсатқа жету үшін лайықты түрде алға жылжуымыз керек.

Жер бетіндегі бейбітшілік пен ізгілік үшін, балаларымыздың баянды болашағын, Отанымыз – Қазақстанның гүлденуін әртүрлі ұлттар, діндер өкілдері, бәріміз бірігіп құруымыз керек!

**Ш. КУСАИНОВ, аудандық мәслихаттың хатшысы.**

## Утверждена новая редакция Этического кодекса государственных служащих

В целях усовершенствования законодательства по вопросам наложения дисциплинарного взыскания и служебной этики государственных служащих Указом Президента Республики Казахстан 22 февраля 2022 года утверждена новая редакция Этического кодекса государственных служащих Республики Казахстан. Новый Этический Кодекс устанавливает стандарты служебной этики и служит основой для формирования морально-нравственных качеств у государственных служащих.

А также определены этические принципы государственной службы – добросовестность, честность, справедливость, открытость, вежливость и клиентоориенированность.

В новой редакции Кодекса предусмотрены приоритетные требования по формированию «клиентоориентированного» государственного аппарата и соблюдению принципов открытости в предоставлении государственных услуг.

Кроме того, внесены изменения в Правила наложения дисциплинарного взыскания на государственных служащих и Положение о Советах по этике.

В Правилах наложения дисциплинарного взыскания уточнены порядок проведения служебного расследования, рассмотрения материалов дискомиссии и сроки принятия решений уполномоченным лицом по рекомендации дискомиссии.

Вместе с тем, Комиссия по этике Агентства наделена полномочием рассматривать дисциплинарную ответственность заместителей акимов областей, городов республиканского значения, столицы, акимов городов, являющихся административными центрами областей, городов областного значения, районов областей и районов в городах, председателей комитетов, а также руководителей аппаратов акимов областей за нарушение норм служебной этики и совершение дискредитирующих проступков.

**К. ИСМАГАМБЕТОВА, заместитель акима района, уполномоченный по этике по Буландынскому району.**

## COVID-19: оперативная хроника

**Эпидемиологическая ситуация по Буландынскому району по заболеваемости коронавирусной инфекцией по состоянию на 2 марта 2022 года.**

Всего по Акмолинской области с начало пандемии заболело 1.302.550 из них 1.003.425 с симптомами,299.125 бессимптомные.

Всего зарегистрировано случаев КВИ по Буландынскому району на 02.03.2022 года 3272 лабораторно подтвержденных случаев COVID-19, (показатель заболеваемости 9806,6 на 100 тысяч населения), из них 2458 с симптомами, 814 случаев бессимптомного вирусоносительства.

За истекший период 2022 года по 02.03.2022 года зарегистрировано 758 лабораторно подтвержденных случаев COVID-19, (показатель заболеваемости 2271,8 на 100 тысяч населения), из них 708 с симптомами, 50 случаев бессимптомного вирусоносительства .

Основная доля заболевших приходится на лиц старше 60 лет (191 сл.) – 25,1 %, на взрослое население (496 сл.) – 65,6 %, подростки (15 сл.) – 1,9 %, детей до 14 лет (56 сл.) – 7,4 % в том числе детей до 1 года 6 - 10,7 % .

По профессиональному составу пенсионеры, лица старше 60 лет – 191сл. (25,1 %), работающие – 363 сл. (48,0%), на прочий контингент 202сл. (26,7 %).

Выявлены при самообращении 583 (77,1%), 125 среди контактных (16,5%), 46 в ходе профилактического скрининга (6,0%).

Зарегистрировано 5 случаев ковидных пневмоний. За текущий период 2022 года летальных случаев зарегистрировано 9.

С момента функционирования приложения «Ashyq» по нашему району было зафиксировано 50 случаев нарушений домашнего карантина, из них 37 жителей было зафиксировано за 2021 год и 13 случаев выявлено в 2022 году.

Из 13 выявленных случаев зафиксировано лиц со статусом «красный» - 12, 1- со статусом «желтый». Привлечено к административной ответственности 4 лица на общую сумму 183 780 тенге, по 8 материалам административное дело не возбуждено согласно ст. 741 КоАП РК за отсутствием состава правонарушения.




Уважаемые жители нашего района, хочется отметить, что в большинстве случаев выявления нарушения являются сканирование QR-кода населением ради интереса.

Если Вы хотите проверить свой статус, можете использовать приложение Ashyq, не сканируя QR-код. Для этого нужно ввести свой ИИН во вкладке «Профиль».

Данная услуга доступна для пользователей как для Android, так и для iOS.

**Буландынское районное управление санитарно-эпидемиологического контроля.**

# МЕСТНАЯ ПРЕДСТАВИТЕЛЬНАЯ ВЛАСТЬ

## Приоритеты развития обозначены





Состоялась 17 очередная сессия Буландынского районного маслихата, на которой был рассмотрен ряд вопросов. О состоянии агропромышленного комплекса в Буландынском районе и задачах по его дальнейшему развитию выступил заместитель акима Буландынского района Ораз Смагулов. Аграрный сектор района движется по четко выверенному курсу, стабильно работают крупные и мелкие сельхозформирования, в полной мере выполняется государственная программа поддержки сферы, однако, есть немало проблемных аспектов и многие из них были озвучены на сессии: нехватка специалистов для сельскохозяйственной отрасли; плачевное состояние объектов соцкультбыта; отсутствие жилья для молодых специалистов, прибывающих работать на селе и множество других.

Много вопросов со стороны депутатов было адресовано и главному врачу районной больницы Жанату Мусину, который выступил на сессии с докладом по укреплению материально-технической базы медицинских организаций района. Были вопросы, касающиеся приобретения районной больницей в перспективе аппарата компьютерной томографии, привлечению врачей в район и какие меры предпринимаются для этих целей больницей. Жанат Сартаевич отметил, что основной проблемой, по которой врачи не приезжают в район, является отсутствие жилья для медицинских работников. Но работа по привлечению врачей продолжается, администрация больницы посещает ярмарки вакансий, организуемые медицинскими ВУЗами. Дает надежду тот факт, что Буландынский район растет и развивается, много специалистов различных сфер, приезжающих в район из других регионов, поэтому высока вероятность, что и выпускники медицинских ВУЗов изъявят желание работать на благо района.

На сессии были рассмотрены также вопросы внесения изменений в решение Буландынского районного маслихата от 24 декабря 2021 года № 7С-13/1 «О районном бюджете на 2022-2024 годы»; утверждении проектов схемы развития и застройки сел Вознесенка, Токтамыс и Жаناталап; о признании утратившим силу решения Буландынского районного маслихата № 6С-59/7 от 10 июня 2020 года «Об образовании архитектурно-градостроительного Совета при акимате Буландынского района», а также были принят основной вопрос, вносимый на рассмотрение очередной сессии районного маслихата.

В прениях по обсуждению основных докладов выступили председатель Правления ТОО «КТ «Буланды», депутат районного маслихата Жанат Тлеукенов и о материально-техническом оснащении Журавлевской врачебной амбулатории рассказала врач общей практики, депутат районного маслихата Ольга Нагайко.

**А. АМАНЖОЛОВА.**

# РАЙОННЫЙ МАСЛИХАТ ПОДВЕЛ ИТОГИ 2021 ГОДА

Являясь секретарем Буландынского районного маслихата, вижу, что сегодня ключевой фигурой в системе местных представительных органов и местного самоуправления выступает депутат. Подводя итоги деятельности депутатов седьмого созыва за 2021 год, как секретарь маслихата отмечаю, что депутатский корпус нового созыва Буландынского района совместно с акимом района начал целенаправленно и активно строить свою работу. Деятельность депутатов районного маслихата охватывает весь сектор проблем, стоящих перед населением района.

Практически на каждой сессии рассматриваем вопросы финансирования, использования бюджетных средств.

В центре обсуждений районного маслихата постоянно находятся вопросы развития здравоохранения, образования, социальной защиты, земельных отношений, жилищные вопросы, сельского хозяйства, культуры и спорта.

Администраторы бюджетных программ, допустившие их неосвоение, заслушиваются на заседаниях постоянных комиссий, что естественно повышает эффективность контроля депутатами бюджетных расходов.

За 2021 год проведено 14 сессий районного маслихата, из них: 4 очередных, 10 внеочередных. Принято 70 решений по различным вопросам, из них 7 нормативно-правовых актов (решений), устанавливающие правовые нормы, прошли государственную регистрацию в органах юстиции Республики Казахстан. Принятые решения касались вопросов утверждения и исполнения бюджета района и бюджетов сельских округов, социальной защиты и социальной поддержки граждан, земельных отношений.

В соответствии со статьей 130 Бюджетного кодекса Республики Казахстан постоянные комиссии рассмотрели, подготовили заключение, содержащее объективную оценку работы исполнительных органов по эффективному и целевому исполнению бюджетных средств, и внесли на утверждение очередной сессии в мае 2021 года годовой отчет об исполнении районного бюджета за 2020 год.

За истекшее время проведено 9 заседаний постоянных комиссий, рассмотрено 21 вопроса, такие как:

- «О принимаемых мерах органами государственных доходов в части планирования, мониторинга и фактического поступления налогов в бюджеты 4-го уровня (МСУ)»;

«О повышении тарифов на городские пассажирские перевозки»;

«О состоянии и организации медицинского обслуживания населения в Буландынском районе»;

«О развитии системы образования в Буландынском районе»;

«Об итогах выполнения плана по Программе идентификации сельскохозяйственных животных и проведении противоэпизоотических мероприятий за 2021 год и перспективах на 2022 год»;

«Реализация дорожной карты: улучшение качества дорог, обеспечение чистой качественной питьевой водой»;

«Обращение педагогов района к депутатам районного маслихата по оказанию содействия в предоставлении качественного и скоростного интернета в общеобразовательные школы района» и ряд других вопросов.

На регулярной основе проводятся встречи, расширенные заседания маслихата с руководителями государственных учреждений и общественных структур. Работа депутатов не ограничивается только сессионной деятельностью. Реализуя замечания и предложения своих избирателей и населения депутаты работают в тесном контакте с различными исполнительными органами по вопросам, связанными с проблемами медицинского и пассажирского обслуживания населения, жилищно-коммунальными услугами, земельных отношений, ремонта автодорог, благоустройства населенных пунктов.

На постоянном контроле были объекты строительства, такие как: капитальный ремонт общеобразовательной школы № 2 г. Макинска, строительство двух многоквартирных жилых домов по ул. Лесная 41, ул. Космодемьянской 2 очередь, строительстве теплотрассы в центральной части города, модульной котельной, среднем ремонте дорог двух центральных улиц города: ул. Балуана Шолака и Яглинской, текущем ремонте дорог залинейной части города, ремонте внутрипоселковых дорог. Благодаря контролю депутатов, своевременно были установлены 5 детских спортивных площадок в пяти микрорайонах города.

За период 2021 года депутатами районного маслихата было направлено 11 депутатских запроса (Е. А. Антошкина - 1 запрос, Ш. Б. Кусаинов - 2. запроса, К. Т. Мендыбаева - 1 запрос, А. С. Умаров - 2 запроса, Ж. С. Тлеукенов - 5 запроса) в различные инстанции, в том числе и в исполнительные органы. Из них решено положительно - 5, на 2 вопроса даны разъяснения, 4 запроса - на рассмотрении.

Из положительно решенных запросов следующие:

- Установка дополнительного многофункционального терминала Народного банка в ТД «Сити-центр», с помощью которого население может оплачивать все коммунальные услуги.

- Установка 2-х терминалов АО «АРЭК Энергосбыт» для безкомиссионной оплаты жителями района электроэнергии (терминалы успешно функционируют);

- Отремонтирован пандус для безбарьерного доступа инвалидов к зданию АО «Казпочта»;

- Положительно решен вопрос по субсидированию ставок вознаграждения при кредитовании субъектов агропромышленного комплекса.

(При открытии терминала в ТД «Сити-центр» директором областного филиала АО «Народный банк» были сказаны слова благодарности секретарю и депутатам маслихата за проявленную инициативу по установке терминала).

Выборность акимов городского значения, поселка, сельских округов, наделение их дополнительными полномочиями и источниками финансирования – это инновации, которые требуют от депутатов ответственности, системной результативности и недопустимости коррупции, землячества. На основании косвенного избирательного права выборщиками-депутатами районного маслихата в 2021 году были избраны акимы: Алтындынского, Айнакольского, Амангельдинского, Журавлевского, Караозекского, Никольского сельского округов.

В течение года депутаты районного маслихата принимали самое активное участие в мероприятиях районного и областного значения, на которых поднимали наиболее злободневные вопросы, направленные на улучшение всех сфер жизни своих избирателей, оказывали материальную помощь нуждающимся семьям: раздавали продуктовые корзины, приобретали топливо к отопительному сезону, оказывали благотворительную помощь на лечение детей.

Каждый депутат на своих участках поздравлял с весенними праздниками заслуженных и почетных пенсионеров, ветеранов, тружеников тыла (всего поздравили – 159 человек).

Проводили акции «Біз біргеміз», «Ардагерлерді ардақтайық», «Бақытты отбасы», в месячник пожилых людей и пенсионеров депутаты уделили внимание 54 пенсионерам. Ежегодно стартует акция «Дорога в школу». В ее рамках государство оказывает помощь нуждающимся детям. Не остаются в стороне и народные избранники, они оказали помощь 72 детям. Главная цель акции - протянуть руку помощи нуждающимся семьям, помочь настроиться детям на школьные будни.

Оказана помощь 86 людям из многодетных, неполных семей, инвалидам детства, ВОВ, лицам, приравненным к ним – 18 чел.

Для стимулирования населения к вакцинации против короновируса депутатами маслихата с 1 по 15 июля 2021 года проводилась акция — розыгрыш поощрительных подарков среди привившихся вакциной в этот период. Всего было приобретено подарков на сумму 400 тыс. т.

Районной больнице оказали спонсорскую помощь в приобретении кислородных баллонов (на сумму 1,5 млн тенге), медицинскому составу района были вручены витаминные наборы (на сумму – 300 тыс. т.).

В рамках республиканского проекта «Сельская школа» Макинская птицефабрика подарила школе-гимназии интерактивное оборудование современной модификации для 6 кабинетов и библиотеки на сумму 35 млн тенге. Депутаты маслихата, в свою очередь, пополнили эти кабинеты коллекцией книг.

В преддверии Дня Независимости депутаты районного маслихата организовали благотворительный аукцион по продаже изделий ручной работы получателей услуг Купчановского центра оказания специальных социальных услуг. Все собранные в результате продажи средства были переданы самим подопечным Купчановского ЦОССУ (700 тыс. тенге).

Принимали активное участие в работе комиссий, образованных в исполнительных органах районного акимата, общественного совета. Проводили приемы граждан и рассматривали обращения в общественных приемах партии, в акиматах сельских округов, личные приемы граждан.

Всего за 2021 год в общественную приемную партии обратились 324 человека с проблемными вопросами, из них: у 206 человек вопросы были решены положительно, что составило 64%, 118 людям даны разъяснения, что составляет 36%.

Информация о проделанной работе депутатами размещается на сайте маслихата района и соц. сетях. Всего было опубликовано за 2021 год – 854 публикаций.

За 2021 год депутатами проведены 40 прямых эфиров (каждый депутат проводил прямые эфиры ежеквартально), отчеты перед избирателями по разъяснению государственных и партийных приоритетов, по закрепленным индикаторам Дорожной карты. Участвовали в партийных проектах, проводили канвассинги с известными и почетными гражданами нашего района.

Инициативные, активные депутаты К. Т. Мендыбаева, Д. С. Токтарбаев, Р. Т. Хожабай, Р. С. Жандыбаев, А. С. Умаров, Ж. С. Тлеукенов грамотно и умело начали свою депутатскую деятельность, подавая пример другим депутатам.

Справедливости ради нужно отметить, что в нашей работе есть и некоторые недоработки. К примеру, несмотря на активное наблюдение депутатов за строительством дома по улице Лесной, 24, письменное обращение в областное управление строительства, проводимые встречи с подрядчиками, сдан объект был несвоевременно.

Текущий ремонт дорог в залинейной части города тоже был выполнен некачественно, хотя велся строгий депутатский контроль.

В третьем квартале 2021 года был начат ремонт первого этажа основного здания районной больницы. Депутаты неоднократно выезжали на объект, отслеживали работу подрядной фирмы. Однако ремонт до сих пор так и не доведен до логического конца, а подрядчики объявлены недобросовестными поставщиками.

Новый политический курс Главы государства Касым-Жомарта Кемелевича Токаева, направленный на системные реформы, ставит перед нами высокую планку и мы должны достойно, с учетом инновационных технологий, соблюдая законодательства идти вперед к достижению цели.

Люди разных национальностей, вероисповедания должны созидать сообща, во имя мира и добра на земле, прекрасного будущего наших детей, процветания нашей Родины – Казахстан!

**Ш. КУСАИНОВ, секретарь районного маслихата.**